

Ақтау қаласы 14 шағын ауданында орналасқан облыстық әкімдік ғимаратынан бастап "Ақтау - Бейнеу" тас жолына дейінгі аралықтағы жолды "Тәуелсіздік даңғылы" деп атау туралы

Күшін жойған

Ақтау қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1147 қаулысы және Ақтау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 30 қарашадағы № 37/334 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 24 желтоқсанда № 11-1-142 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 1292 қаулысымен және Ақтау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 24/222 шешімімен. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 409 қаулысымен және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 38/384 шешімімен

Күші жойылды – Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 11.09.2014 № 1292 қаулысымен және Ақтау қалалық мәслихатының 11.09.2014 № 24/222 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 11.03.2016 № 409 қаулысымен және Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 11.03.2016 № 38/384 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай, Маңғыстау облысы әкімі жанындағы облыстық ардагерлер кеңесінің, "Мерос" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, "Нұр Отан" Халықтық Демократиялық партиясы Ақтау қалалық филиалының Саяси кеңес Бюросының Ақтау қаласы 14 шағын ауданында орналасқан облыс әкімдігінің ғимаратынан бастап "Ақтау - Бейнеу" тас жолына дейінгі аралықтағы жолды ("Ынтымақ алаңы" мен "Мемлекеттік рәсімдер алаңынан" басталып, 11 мен 12 және 26 мен 27 шағын аудандардың арасынан өтетін) "Тәуелсіздік даңғылы" деп атау туралы ұсынысын қарай келіп және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Ақтау қаласы 14 шағын ауданында орналасқан облыс әкімдігінің ғимаратынан бастап "Ақтау - Бейнеу" тас жолына дейінгі аралықтағы жол "Тәуелсіздік даңғылы" деп аталсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ақтау қаласының әкімі

Ақтау қалалық

мәслихатының хатшысы

К. Сүйеуов

О. Қазақбаев

Ж. Матаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК